The sixth text, relating to the publicistic style, could serve as another indicator of the extension of collocational ranges of word **blind**. The peculiarity of the use of words in the text is due to the so-called «violation of conceptual compatibility of word forms» («нарушением понятийной сочетаемости словоформ») (N.S. Valgina). In fact, if the free compound words blind curtains (слепые шторы) is considered incorrect, although the components of their dictionary meanings overlap, are combined in the component 'not seen', then in the sixth text such combination is justified, to some extent predictable, and even markedly: as the next «contextual partners» to the analyzed word **blind** are the words sadly, reluctantly, tedious, orphan, dusk, curtained, hollowly, stooped, dragged, sullen (уныло, нехотя, нудный, сиротский, сумрак, зашторенные, глухо, сутулились, тянулись, угрюмому), containing connotative meanings. Semantic features 'closed', 'indifferent', 'closed to others' are the central organizing element of these words. It is these charged components require a presence of the word **blind** as their «contextual partner». Thus, thanks to its collocational properties this word with a high probability predicts the appearance not only it's direct, «closest» (B.J. Norman) contextual partner, but also through it other members of the utterance. In short, we can explain and predict the choice of a lexical unit through the component composition of a single word.

A striking example of the manifestation of the duality of the word in the literary work is the seventh text. Here the word **blind** has the same meaning as in the dictionary, but at the same time it gets additional meaning as a result of being associated with particular cultural contexts and full content of the literary work [2; 196]. Indeed, at first glance, the same word as in everyday speech, the word **blind** in the art text has a wider semantic capacity. This can be explained partly by the peculiarities of the semantic structure of the textual meaning of a word. Semantic structure of the word **blind**, along with the main component of 'not seeing', contains a significant (for this text) component 'calm': here **blind** is not only a «blindfolded», but also «having no opportunities, and most importantly, «the desire to poach in other people's business», «non-interfering».

The author's intention can be revealed this way. The text is constructed using the word meaning probabilities (that is, by *embedded components* (наведением сем), by I.A. Sternin terminology): *Cupid as he is blind (blindfolded), «occupied only by his business and not interfere in other people's business»,* and *Hymen - with a lantern - «sees all that prevents him to live peacefully»,* and that's why he is *jealous, envious, sad and restless*. But as soon as *they tied a blindfold over Hymen eyes, he ceased to interfere in the affairs of others*. Therefore, here the core of meaning of 'not seeing' is the «unnecessary element» (ненужная деталь) (E.S. Kubryakova), which can be eliminated easily as a matter of course, and the probability components, included by the author in the text to create an art image, come to the fore.

Naturally, the analyzed examples are not exhaustive. Other correlations of word with coherent text are possible. Nevertheless, the examples demonstrate that there is a close, interrelationship between components of meaning and the well-organized coherent text, because «relations between words are as important as what is in the word» [3; 113].

References

1. Стернин И.А. Лексическое значение слова в речи / И.А. Стернин. — Воронеж: Изд-во Воронеж. ун-та, 1985. — 138 с.
2. Солганик Г.Я. Стилистика текста / Г.Я. Солганик. — М.: Флинта; Наука, 2002. — 256 с.
3. Carter Ronald. Vocabulary. Applied Linguistic Perspectives / Ronald Carter. — Hoboken: Taylor and Francis, 2012. — 305 p.

М.Вазанова

Мәтіндегі сөздердің функционалдық және семантикалық сипаттамалары

Мақала мәтініндегі сөзді функционалдық-семантикалық іске асыру ерекшеліктері қарастырылды. Функционалдық және семантикалық жазықтықтағы сөзді қазіргі заманғы лингвистикалық зерттеуге шақыру сөздердің семантикалық қосылыстарын бір мәтінде, негізінен, олардың мағынасына шартты түрде орнатуға мүмкіндік береді. Бұл, әрине, мәтіндер түріне, стиліне, сөйлеу жанрына және авторлық ойға байланысты түрлі қатынастарды жүзеге асырылатын әртүрлі қатынастардағы мәтіндерді қолданылатын коннотативті, ықтималдық семантикасында түсіндірілді. Мәтінде бұл сөздің мағынасы өзекті болып табылады, осылайша лексикалық-семантикалық парадигманың белгілі бір түрінен әріптестің жақын контекстін таңдауды алдын ала анықтайды. Сөздің мағынасын сол семантикалық құрылымның құрамдас бөлігі ретінде байланыстырылған мәлімдемелерді құру бойынша ұйымдастыру функцияларын орындайды. Сонымен қатар мәтін сөздің мағынасын өзгертуге мүмкіндік туғызады, оған ерекше жеке мағына береді. Басқаша айтқанда, контекстте анықталған мәндер сөзде көрініс табады.

Кілт сөздер: контекст, сөздің мәтіндік мағынасы, сөздің лексикалық мағынасының компоненттері, парадигмалық және синтагматикалық қатынастар, сөздің мәтіндік мәнін өзектендіру және модификациялау.

М.Вазанова

Функциональные и семантические характеристики слов в тексте

В статье рассмотрены особенности функционально-семантической реализации слова в тексте. Обращение к современным лингвистическим исследованиям слова в функционально-семантическом плане позволяет установить обусловленность семантических связей слов в пределах одного текста, главным образом, их значением. Этим объясняется, в сущности, появление или проявление в их семантике коннотативных, потенциальных, вероятностных сем, которые реализуются в текстах в разных соотношениях в зависимости от типа, стиля, жанра речи и авторского замысла. Текст актуализирует в значении слова ту или иную сему, предопределяя тем самым выбор ближайшего контекстпартнера из определенного типа лексико-семантической парадигмы. Одна и та же сема значения слова, как компонент его смысловой структуры, выполняет при построении связных высказываний различные для каждого из них организующие функции. Текст, кроме того, способен каким-то образом изменить значение слова, придав ему особый индивидуальный смысл. Другими словами, в слове обнаруживаются контекстно-обусловленные значения.

Ключевые слова: контекст, текстовое значение слова, компоненты лексического значения слова, парадигматические и синтагматические отношения, актуализация и модификация текстового значения слова.

References

- 1 Sternin, I.A. (1985). *Leksicheskoe znachenie slova v rechi* [Lexical meaning of a word in speech]. Voronezh: Izdatelstvo Voronezhskoho universiteta [in Russian].
- 2 Solganik, G.Ja. (2002). *Stilistika teksta* [Stylistics of the text]. Moscow: Flinta; Nauka [in Russian].
- 3 Carter, Ronald. (2012). *Vocabulary. Applied Linguistic Perspectives*. Hoboken: Taylor and Francis.

А.А. Мирзахметов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: mirza_achmet@mail.ru)*

Қазіргі қазақ прозасындағы романтикалық жанр

Романтизмге қатысты мәселелер, оның жаратылысы, романтикалық жанрлардың даму барысындағы жіктелуі, жекелей романтикалық шығармалардың поэтикалық жүйесін зерттеу қазіргі қазақ әдебиеттануында ерекше көзге түсіп отыр. XX ғасыр әдебиеттануында көркемдік әдіс ретінде романтизм деген «толыққанды» ұғым қалыптасты. Романтизм тарихи үрдіспен қалыптасқан, аса күрделі әдеби құбылыс бола отыра, тамыры терең типологиялық зерттеулермен тығыз байланысты, қазақ прозасында романтизм еуропалық контекст арқылы анықталуда, анығырақ айтатын болсақ, әлем әдебиетіндегі жаңашылдықты, дамуды, әртүрлі романтизм түрлерін, әдеби дамудың алдыңғы және кейінгі кезеңдеріндегі арақатынасын ескеретін тарихы үдерісте зерттеліп келеді.

Кілт сөздер: қазақ прозасы, қазіргі проза, модернизм, көркемдік әдіс-тәсілдер, әдеби жанрлар, романтизм, романтикалық үдеріс, әдебиет, әдеби заңдылық, романтикалық жанр.

Бүгінгі таңда ұлттық прозадағы романтизм мәселесі арнайы зерттелмей келеді. Кешегі социалистік реализмнің көлеңкесінде қалған шынайы романтизм — бүгінгі әдебиеттануымыздың өзекті мәселелерінің бірі. Тәуелсіздік тұсындағы әдеби тенденцияны тұтастай алсақ, әдебиеттің бірнеше даму бағыттарын байқаймыз. Олар — дәстүрлі реалистік әдіс және модернистік, постмодернистік ағымдар. Сонымен қатар осы кезең прозасының өкілдері (М.Мағауин, Б.Мұқай, Р.Тоқтаров, Т.Ахметжан, А.Жақсылықов, Х.Әдібаев, А.Алтай, Д.Рамазан, Д.Амантай, С.Сағынтай, Д.Бейсенбек, А.Мантаева, Л.Қоныс және тағы басқалар) 2000–2010 жылдары жарық көрген шығармаларынан романтикалық үдірістің де айрықшы орын алғанын байқаймыз. Қазақ прозасында алуан түрлі көзқарастардың, бағыттардың, көркемдік жүйелердің өзара үзеңгі қағыстыруы әдебиетті жаңа сапаға көшіріп, жаңа деңгейге көтереді. Өлбетте, тәуелсіздік идеясы қаламгерлерге жаңа серпін берді, туындыларына романтикалық рух дарытты. Сондықтан егемендік алған жылдардан бері қазақ прозасының мақсат-мұраты, тыныс-демі, өрнек-айшықтары да жаңаша, өзгеше болып қалыптасты.

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысында феодалдық крепостнойлық қоғам іріп, ыдырап, буржуазия қанат жая бастаған дәуірде, орыс және Батыс Еуропа, Америка елдерінің рухани мәдениетінде: музыка, театр, бейнелеу өнері, эстетика, тағы басқа әдеби-көркем салаларда қанатын кеңге жайған идеялық көркемдік бағыт — романтизм (ағылш. *romanticism*, фр. *romantisme*, нем. *romantik*) болды.

Қоғам өміріндегі экономикалық өзгерістер, идеологиялық мәселелер де әр алуан өзгеріс, әртүрлі көзқарастарды туғызды. Айналасында болып жатқан өзгерістерге, өмір құбылыстарына қалай қарау мәселесі, әсіресе көркемөнер, әдебиетте анығырақ.

Ақын, жазушылардың бір алуаны ескі феодалдық заманды аңсап, өткен күндерді мадақтап жырлауға, жаңа кезеңді экономикалық дамулардың негізінде туа бастаған құбыжық етіп көрсетуге тырысты.

Екінші тобы жаңалықтың жаршысы болып, жақсылықты келешектен күтті. Бірақ бұлардың барлығына тән нәрсе — төңірегіндегі шындық болмысқа разы болмаушылық, төңірегіне өздерінің жеке идеяларын қарсы қоюшылық, бұл дүниені тастап, басқа бір дүниені аңсаушылық. Бұл романтизм күні өткен феодал табының идеологтарына да, жаңа капиталистік жолға түскен дворянстволарға да және буржуазия идеологтарына да, әсіресе ұсақ буржуазия идеологтарына да тән нәрсе болды.

Феодал табының өкілдері өз үстемдіктерінің құлауына разы болмады, сондықтан өткен өмірді аңсады, мистика, қиял дүниесіне жүгірді. Буржуазия сол кезде қожалықтарын әлі бекітіп болған жоқ еді. Сондықтан олар өмірдің барлық тарауындағы өздерінің тілегендерін асыра көрсетіп, нықтанқырап, өз мақсаттарын ұсынды.

Дамып, өсіп келе жатқан капитализмнен қысымшылық көре бастаған ұсақ буржуазия, бір жағынан, өткен күнді аңсап, өткен күнді асыра дәріптесе, екінші жағынан, қандай болары белгісіз алдағы күндерін де қиял етті. Бұл сықылды идея және көңіл-күйлері ол кездегі қоғам құрылысындағы

зор қайшылықтар және белгілі бір қоғамдық құрылыстың әлі толық үстемдік ете алмауымен байланысты еді. Жоғарғы айтылғандардың жиынтығы әдебиетте романтизмнің дәуірлеп өсуіне әкеп соқты.

Романтизм классицизммен, оның түр мен мазмұнға белгілі бір мөлшер қоюшылығымен және жазу жөніндегі тәртіптерімен күресе отырып қалыптасты. Романтизм кім қай тақырыпты таңдайды, оны қалай суреттеп береді, бұл жағынан суретшінің ерікті болуын талап етті.

Шындық өмірден алыстап, болған нәрседен гөрі болуы керек деп аңсаған нәрсесін суреттеуші романтик жазушылардың шығармаларында дағдыдан тыс тарихи не географиялық жағдайларды немесе өзгеше бір жаратылыс не әлеуметтік орталарды алатындары өте жиі кездеседі.

Олардың бұл сықылды ерекшеліктері адамның мінездерін суреттеулерінде де мығым болып отырады. Романтикалық шығармалардың қаһармандары көбіне біржақты және өте асыра дәріптелініп суреттелді. Бұлар не болмаған күшті, не болмаған әдемі немесе мүлде бұзылған, шектен шыққан, бұзақы, әйтеуір өзінің жаратылысында не іс-әрекеттерінде көңіл аударарлық бір қасиеті болады. Романтиктердің назарын аударған нәрсе де жайшылықтағы қалыптан үздік шыққан, дағдыдан тыс ерекшеліктер. Олар сол ерекшеліктерді не жақсы жағынан, не жаман жағынан көрсетті. Бірақ қалай көрсетсе де, дағдыдағы қалыптан өзгеше етіп суреттеді.

Романтизмнің адамзат мәдениеті дамуындағы тарихи рөлі зор. Ол көптеген елдердің рухани мәдениетін гуманистік идеялармен байытты. Романтизм бағытында туған туындылардың кейіпкерлері әдетте болмыстың ырқымен келіспейтін, жақсы өмір, бақыт, азаттық үшін күресетін күшті жандар болып келеді. Романтизм туындаларының тілінде әсірелегіш суреттер мол ұшырайды. Адамның бас бостандығын, ірі іс-әрекеттерге ұмтылыстарын мадақтау — романтизм туындыларына ортақ қасиет. Кейде романтиктер туындыларында өмірден түңілушілік, тағдырға бас июшілік сарыны бой көрсетеді. Романтиктер өздерінің мұратына сай келетін өмір материалдарын өткеннен де, келешектен де қатар іздейді. Романтиктер ауыз әдебиеті, тарих, дін, өнер мәселелерін өз идеяларын насихаттау құралы ете білді. Олар дүние жүзі өнерінде тұңғыш рет адам жанының иірімдерін, тұңғыық тереңін ашып көрсетті.

Әдебиеттануда романтизм:

— біріншіден, көркем шығарма — өмір шындығын бейнелеудің бір тәсілі, көркемдік әдіс;

— екіншіден, XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Еуропа мен Америка елдерінде пайда болған, осы әдісті қалыптастырған әдеби бағыттағы XVIII ғасырдың ортасында «романтика» сөзі ағылшын поэзиясында шығармашылық пафосты таныту мақсатында қолданылды. Сол кездегі эстетикалық түсінік бойынша ол поэзияның, әсемдіктің ажырамас бөлігі болуға тиісті ғажайып, құпия, жұмбақ нәрсе ретінде қабылданды.

Ал XVIII ғасырдың аяғында Германияда «романтикалық поэзия» жаңа әдеби бағыттың шығармашылық принциптерінің тұтастығын танытатын термин ретінде қолданылып, «Иен мектебінің» теоретиктері (ағайынды Шлегельдер, Новалис, Ваккенродер, Тик) алғаш рет романтизмнің біршама толыққанды теориясын жасады. Бұл поэзия ереже мен дәстүрді, өмір заңдылығын мүлде мойындамайтын еркін поэзия ретінде қабылданды.

Романтизмге толыққанды әмбебап анықтама беру мүмкін емес, ол әр ұлт әдебиетінде әр түрлі көрініс тапқан. Романтизмде ортақ ұқсастықтармен қатар бір-біріне мүлде ұқсамайтын әр тектілік те бар. Романтизмнің даму кезеңдеріне ортақ типологиялық белгілерді атасак, ол:

- қоғамға көңілі толмау;
- оған өзінің идеалын қарсы қою;
- өмірге сын көзімен қарау;
- рухани азғындыққа қарсылық;
- заман шындығынан аулақ кетуге ұмтылыс;
- арман, қиял;
- өткенді дәріптеу;
- азаттық, бостандық идеясы;
- фольклорға, тарихқа ден қою;
- кейіпкерлерінің «ерекше» болуы;
- көтеріңкі эмоционалды стиль;
- қайғы-мұңға, ғажайып-құпия, фантастикалық жайттарға құштарлық;
- лиризм; патетика; әсірелеу т.б.

Романтикалық шығармаларда бейнелеу құралдары, әсерлі суреттеулер (эпитет, теңеу, метафора, ұлғайту, шендестіру, символ) мол кездеседі.

Ұлттық әдебиетіміздегі романтизмнің қалыптасуы сырттан келген, кездейсоқ құбылыс деген пікір негізсіз. Шындығында, романтизм құбылысы қазақ прозасындағы фольклорлық дәстүрімізден бастау алып, өзіндік романтикалық бейнелеу тәсілдері арқылы қазақ прозасының қалыптасу кезеңінде алғашқы романдарымен еніп, әңгіме, повестердің көркемдік-эстетикалық құрылымынан көрініс тапты.

Қандай да бір ұғымды терең тану үшін, оның түп-тамырына, қайнар көзіне үңілу қажет. Романтизм құбылысын саралау үшін де оның тарихи-әлеуметтік негізіне жіті назар аударып, әдеби бағыт ретіндегі дүниеге келгеніне себеп болатын тарихи жағдайларды бағамдап алған абзал.

Жоғарыда келтіргендей, қазақ романтизмі ұлттық әдебиеттің өзіне дейінгі дәуірлерінен бастау алып, ұлттық фольклорлық дәстүріміздің қайнар көзінен сусындаған. Ықылым заман еншісіндегі лиро-эпостық жырлардың өнбойына романтизм көріністерін байқаймыз. Одан бері де қазақ әдебиетінде романтикалық леп елдің еркіндігін, азаттығын аңсау идеясынан туындап жатты. «Алаң да, алаң, алаң жұртымен...» бірге «...күңіреніп, күн түбінде жортқан» баһадүр ақын-жыраулар поэзиясында ел бірлігі, атамекен, туған жер басты тақырыптар болды. Романтизм элементтері қайнауда жатқан ғасырының қоғамдық-әлеуметтік мәселелерін қозғауда, қаһармандық пафоста, оқиға динамикасында, ат үстіндегі жауынгерлік өмір салтын дәріптеуде жоғары көркемдік деңгейде жүзеге асты. Жыраулардың өз «Менін» паш етуі, шаршы топ алдында биік те асқақ жүрекжарды сөзі, дүниенің баянсыздығы мен өзінің жалғыздық болмысын сезіну сияқты романтикалық ойлау жүйесіне тән белгілер олардың жырларында көріне бастайды.

Қазақ әдебиетіндегі романтизм әлемдік әдеби құбылыстың бір бөлшегі бола тұра, өзіндік ұлттық ерекшеліктерімен оқшауланады. Сондай-ақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінен көрініс тапқан романтикалық белгілер XV–XVIII ғасырлардағы жыраулық поэзияда қаһармандық-жауынгерлік, азаттық-патриоттық рухта көрініс тапты. Қазақ әдебиетінде романтизмнің тегеурінді көрінген тұсы XIX ғасырда болды, ол ұлттық сөз өнері дамуының маңызды факторы саналды. XIX ғасырда романтизм әдісі жазба әдебиетте толық қалыптасып, өткен ғасырдың басында кемелденді. Дәуір алмасуы кезіндегі саяси және идеологиялық дағдарыстар, ұзақ уақыт жат елдің езгісінде болған ұлт санасының қайта оянуы, ұлттың өзін-өзі тануы романтизмді дамытушы негізгі қоғамдық факторлар болды.

Тарих парақтарын ақтаратын болсақ, алмағайып заманда етігімен су кешіп, арғымағы ауыздығымен су ішкен, қазақтардың орыс отаршылдарымен қарсыласып жатқан уақыттарда өмір сүрген Махамбет Өтемісұлы романтизмі Исатай Тайманұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліспен бірге туып, азаттық бағытында өрбісе, «Зар заман» ақындары шығармашылығында орыс отаршылдығына қарсы болған, өз дәуірінің рухани болмысына қанағаттанбаған мінезден көрінді. «Отаршылдыққа, бодандыққа бойсұнбау мотиві зар заман ақындарының шығармашылығында жаңа қырынан көрініп, XIX ғасырда Дулат, Мұрат, Шортанбай ақындар бұл тақырыпты жеріне жеткізе жырлады. Зар заман шайырларының шығармашылығында дәстүрдің бұзылуы, жердің тарылуы, діннің әлсіреуі сынды өзгерістер өткен заманға қарама-қарсылықта сипатталды» [1; 58].

Қазақтың ғана емес, ғаламның бағына жаралған Абай Құнанбаев әлем әдебиетіне романтизмнің айқын белгілерін көрсетті, өзіндік Абай дәстүрін қалыптастырды, бұл табиғи үрдіс XX ғасыр басында рухани жаңғыруға үндейтін М.Дулатов, С.Торайғыров, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев шығармаларында өз жалғасын тапты. Абай романтизмінен өзге елдің билігі әсерінен халықтың ыдырап, ұсақталуына қынжылыс байқалды. Ал Ақылбай мен Мағауия сюжетке құрылған романтикалық поэмаларында («Қисса Жүсіп», «Медғат—Қасым») «ерекше жағдайда ерекше мінез жасау» арқылы индивидуалдық романтизмге жол салды.

М.Жұмабаевтың көркемдік жаңалығы — «Шолпанның күнәсі» шығармасында екіұдай күйге түскен жеке тұлғаның қарама-қарсы сезімдер арасындағы арпалысын шеберлікпен суреттеуі еді. Қаламгердің шығармашылығында өмірді романтикалық тұрғыда бейнелеу сипаты айқын, адам болмысының сан қилы қырлары, сезім иірімдері тереңінен қозғалады [2; 26].

М.Жұмабаев шығармашылығында романтизм «тұтас дүниетаным мен көркемдік-эстетикалық жүйе» ретінде күрделі, дәйекті дәрежеге жетті [3; 184]. Ал С.Сейфуллин («Айша», «Жұбату»), С.Ерубаевтың романтикалық рухтағы «Бақыт», «Мәңгілік өмір» новеллаларынан, «Менің құрдастарым» романынан сұлулықты дәріптеген мінезін, ой мен сезім тереңдігін, азаматтық болмысындағы арманшылдықты аңғарамыз. Жазушының новелла, балладалары жаңадан қалыптасып

жатқан прозамыздың жанрлық тұрғыдан дамуына елеулі үлес қосты. XX ғасырдың басында Б.Күлеев, М.Жұмабаев поэзияларында романтизм биік деңгейде көрінді. Мағжан романтикалық поэмалардың әлемдік деңгейдегі озық үлгілерін әкелді («Батыр Баян», «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы» т.б.).

Кенес дәуіріндегі әдебиетте романтизм реализммен кіріге жаңа сипат алып, өмірдің жарқын тұстарын бейнелеуге, кейіпкердің ішкі сезім-сырларын жеткізуге қызмет етті. Сөйте тұра романтизм бүкіл адамзаттың, ғаламның, өз дәуірінің, қоғамының трагедиясы мен мұң-зарын көрсете білді, кейде тіпті оны шешуге ұмтылыс жасады. Романтизмнің әдебиетке әкелген жаңалықтарының бірі — адамды тануға деген құштарлық. Романтик қаламгерлер адамның жан дүниесіне, ішкі психологиясына үңіле отырып, оның рухани әлемінің құпиясын, тереңдігі мен күрделілігін, шексіздігін танытуға күш салды.

М.Әуезовтің алғашқы әңгімелерінде («Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу») жеке тұлғаның күрделі табиғаты мен дүниетанымына байланысты романтикалық стиль айшықтары айқын аңғарылады.

XX ғасыр басындағы әдеби процесте ұлттық психологиялық прозаны қалыптастырып, дамытуға ерекше үлес қосқан жазушы Жүсіпбек Аймауытов болды. «Ақбілек» романында қазақ қызының тағдыры шынайы суреттелгенімен, романтикалық бейнелеу тәсілдерін байқаймыз. Жазушы Ақбілек пен орыс офицерінің «ерекше» қарым-қатынасын, таудағы тосын тіршіліктерін романтикалық ыңғайдағы бейнелі көріністер арқылы суреттейді. Ауылын шапқан, анасын өлтірген, өзін зар жылатқан қас жауын Ақбілектің жек көруі тиіс. Алайда алғашқыда оның санасында туған ашу мен жек көру сезімі кейіннен басқа реңк алады. Екіұдай күйге түскен қыздың ойын, ақылы мен сезімінің қақтығысын жазушы дамылсыз құбылу үстінде бейнелейді. Сонымен қатар романда Ақбілектің өмірге деген құштарлығы анық көрінеді. Орыс әдебиетіндегі М. Лермонтовтың «Біздің заманымыздың қаһарманы» романында орыс офицері Печориннің черкес қызы Бэланы алып қашуы, екеуінің тосын тіршілігі, махаббаты, А. Пушкиннің «Кавказ тұтқынындағы» тұтқын офицер мен ауыл қызының арасындағы романтикалық жағдай Ақбілек пен орыс офицерінің қарым-қатынасына тым ұқсас.

Романтизм еуропалық мәдениетте әдеби бағыт ретінде ағартушылық дәуіріне қарсы болса, қазақ қаламгерлерінің (Ш. Құдайбердиев, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов) шығармаларында романтикалық таным ағартушылық идеялармен сабақтасып жатты. Бұл — қазақ және еуропалық романтизмнің айырмашылығы [4; 29].

Романтизм қазақ топырағында өзінің таза, еуропалық үлгісінде болған жоқ. Еуропалық романтикалық қиялшылдық уақыт пен кеңістік тұрғысынан сол тұстағы өмірден біршама алыс тұрса, қазақ романтизмінің құрылымы заманымен орайлас жатып, өз кезеңімен үндестік тауып отырды. Ортасын олқы көрген тұлғаның жинақталған бейнесі жасалғанымен, ол дәуірінің, сол кезеңнің адамы болды. Алыс мекендер де, экзотикалық шалғай жерлер де суреттелген жоқ, оқиға көбінесе таныс ортада, қазақ қоғамында өтеді.

Романтиктердің шығармашылығында мифтік сюжеттер оқиға құрылымынан жиі орын алады. Олар мифтерге жаңа мазмұн беріп, оны қайтадан жасады. Мифті романтиктер «уақыттан тыс рухани бағдар» деп, «халықтың рухын» бейнелейтін, универсум туралы шынайы және тұтас түсінік қалыптастыратын шығармашылықтың түрі ретінде қабылдады. Романтиктердің мифологиялық сюжеттерге деген құштарлығын қоғам дамуының өзекті мәселелерінен ауытқу деп түсінбеу керек. Романтик-суреткерлер адамзаттың балаң кезінде жасалған рухани дүниелер — мифтер мен мифтердегі образдылықты жаңа көркемдік мақсатқа ғана емес, өз дәуірінің маңызды мәселелерін шешуде оларды түрлендіріп пайдаланды.

Қай кезеңде, қай ұлттың әдебиетінде болмасын романтик суреткерлердің көне дәуірлердің көркемдік тәжірибесіне, фольклорлық мифтерге деген ықыласы ерекше болды. Олар мифтік, фольклорлық шығармалардың идеялық желісін, мифологиялық кейіпкерлерді, архетиптік сарындарды көркемдік мүддеге сай пайдаланды. Халықтың рухын бейнелейтін мифтерге жаңа мазмұн дарытып, өз мифологиясын тудырды.

Романтикалық мифологема сонымен қатар дәуірдің рухын бейнелейтін өздерінің мифтік образдарын жасады. М.Жұмабаев шығармаларындағы «Қойлыбайдың қобызы», Ә.Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» романындағы «мұнара», С. Санбаевтың «Ақ аруанасы», «Бекет бақсысы», О.Бөкеев шығармаларындағы «Бура», «Кербұғы» бейнелері хақында осыны айтуға болады. Олар халықтың өткеніне, рухани мұрасына айрықша мән беріп қана қоймай, өз мифологиясын жасай алатынын дәлелдеді. Романтиктер мифтің шығармашылық әлеуетін, оның адамзат үшін уақыттан тыс

мәнін белгіледі. Осының негізінде романтиктердің бүгінгі күні мифті жаңғырту мен қайта жасауына ұмтылысы күшейіп, қазақ прозасында 70-жылдардан бастап жаңа мифология идеясы туды.

Аталмыш құбылыс әдеби бағыт ретінде белгілі дәуірмен, нақты тарихи жағдайлармен байланысты болса, көркемдік әдіс ретінде әлдеқайда кең мағына береді. Академик З. Қабдолов әдістің қайталанып отыратын тұрақты құбылыс екенін нақтылай отырып, романтизмді көркемдік әдістің біріне жатқызады [5; 12].

З.Ахметов романтизмге тән бейнелеу тәсілдерінің XX ғасырда жаңа сипат алып, дами түскенін және романтизмнің «негізгі принциптері көркем өнердің табиғатына сай болғандықтан, алдағы уақытта да қолданыла беретінін» жазады [6; 89].

Т. Кәкішұлының қазақ әдебиетінің дамуында ерекшеленіп, «әлі күнге дейін тамсандырып келе жатқан көркемдік амал – романтикалық суреттеу тәсілі» деп ашық көрсетті [1; 74].

Романтизм – басқа әдеби әдістер сияқты – болмысты бейнелеудің спецификалық бір формасы. Қоғамды қамтитын алуан түрлі көңіл-күйлердің, сезімдердің барлық реңктері романтизмде нақты көрініс табады. Тарихтың қиын-қыстау өтпелі тұсында, болашаққа деген сенім бұлыңғыр тартқан сәттерде романтизм құбылысы түлеп, күшейеді де, келешекті болжаудың көркемдік құралына айналады. Заманының әлеуметтік жағдайына көңілі толмау, айналадағы өмірге сын көзімен қарау, әсем идеал мен нақты болмыс арасындағы ымырасыздық, субъективті әлемге көбірек ден қою — романтизм эстетикасына тән белгілер. Осы орайда жеке тұлғаны, оның ішкі әлемін жеке ғарыш ретінде қарастыру, адам рухының еркіндігі және сол рух еркіндігін бар болмысқа қарсы қоя отырып, өмірдегі бар нәрсе туралы емес, болуы мүмкін дүниелер туралы ойлау романтикалық идеялардың тууына алғышарттар қалыптастырды.

Шын болмыс пен арман, идеал арасындағы ымырасыздық, өмірдегі бар нәрсе мен болуы ықтимал, мүмкін, дүниені бір-біріне қарсы қою – романтизм эстетикасындағы айқын белгілердің бірі. Романтиктердің күнделікті күйкілікке, өзгермейтін, қалыпты тоғышар тірлікке қарсы тұруы да тегін емес. Романтизм суреткердің дүниетанымымен, оның өмірге көзқарасы мен оны түсініп қабылдауымен тығыз байланысты. Романтизм — адамның биікке, асқақтыққа деген ұмтылысы және осы беймәлімге ұмтылушының ішкі рухани дүниесі [7; 19].

Замана, дүние қайшылығын түгелдей шешіп тастауды армандайтын романтиктер әлем әдебиетінде тұңғыш рет адам жанының аса күрделі ішкі әлемін, оның тұңғыш иірімдерін ашып көрсетті. Адамға, оның сезіміне, санасына әсер етіп, оны тұлға ретінде қалыптастыру романтизмнің көркемдік жетістігі болды [5; 97].

Романтизм сан қырлы. Оны реалистік өнерге қарсы қойып немесе сол реализм заңдылықтары бойынша бағамдау мүмкін емес. Күнделікті күйкі тірліктен жоғары тұрып, асқақ арман әлеміне ұмтылғанымен, романтизм де қоғам шындығын өз тұрғысынан бейнеледі. Жазушының дүниедегі, айналасындағы құбылыстарға, өмір шындығына өз дүниетанымы тұрғысынан баға беруі, авторлық «меннің», авторлық дүниетанымның айқын көрінуі романтикалық бейнелеу тәсілінде айрықша орын алады.

Романтизмге қатысты мәселелер, оның жаратылысы, романтикалық жанрлардың даму барысындағы типологиясы, жекелей романтикалық шығармалардың поэтикалық жүйесін зерттеу қазіргі қазақ әдебиеттануында ерекше көзге түсіп отыр.

XX ғасыр әдебиеттануында көркемдік әдіс ретінде романтизм деген «толыққанды» ұғым қалыптасты. Романтизм тарихи үрдіспен қалыптасқан, аса күрделі әдеби құбылыс бола отыра, тамыры терең типологиялық зерттеулермен тығыз байланысты, қазақ прозасында романтизм еуропалық контекст арқылы анықталуда, анығырақ айтатын болсақ, әлем әдебиетіндегі жаңашылдықты, дамуды, әртүрлі романтизм түрлерін, әдеби дамудың алдыңғы және кейінгі кезеңдеріндегі арақатынасын ескеретін тарихы үдерісте зерттеліп келеді. Бүгінгі таңдағы әдеби әлемдегі шығармашылық үдерістегі романтизмнің жаңаша пошымдары мен әдіс-тәсілдері жаңаша зерттеуді қажет етеді.

Романтизмнің ұлттану мәселесіне әдеби тұрғыдан қосқан үлесі мол. Романтиктер ұлттық рух пен мәдени құндылықтарға аса қызығушылық танытты. Олар өткен тарихты бағалап қана қойған жоқ, оны өздерінің сан қырлы әлеуметтік, эстетикалық тұжырымдарына тірек етті. Романтизмнің мұндай ерекшеліктері көркем пішіннің жаңаруына: тарихи роман, психологиялық, фантастикалық повесть, әңгіме жанрларының, лиро-эпикалық поэмалардың пайда болуына, лириканың тақырыптық, идеялық ауқымының кеңеюіне зор әсерін тигізді. Романтизм әдебиетке жаңа тақырып, жарқын кейіпкерлер әкелді, сөз өнерін көркемдік ерекшеліктермен байытты. Қазақ әдебиетінде Ғ.Мүсірепов,

І.Есенберлин, Ә.Әлімжанов, Ә.Нұрпейісов, Ә.Кекілбаев, О.Бөкеев, Қ.Аманжолов, Т.Айбергенов, О.Сүлейменов, тағы басқа қаламгерлер қалап кеткен қабырғалы «романтизм» бағытын бүгінгі таңда талантты жазушылар да қалт жібермей, өз мүмкіндіктерін ұтымды пайдалануда.

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ прозасындағы көркем шығармаларда романтикалық бастау адам рухының асқақ сәттерімен, жалпы адамзаттық құндылықтармен астасып жатыр. Романтикалық көңіл-күй қашанда адамның жан дүниесі мен рухани сергектікті ұлықтаудан және жердегі кез келген сұлулыққа, қайырымдылыққа тебіреніп, бей-жай қала алмаудан туындауда. Қазақ прозасында романтикалық және реалистік бастаулардың бір-бірімен алмасып келіп отыратыны айқын аңғарылады. Бұл ретте қазақ прозасында романтизмді реализм алмастырды деп келетін қарабайыр түсініктің ескіргенін, екеуінің де қатар, жарыса жүргенін атап өту орынды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кәкішұлы Т. Жанр жайлауы: оқу құралы. 1-кітап / Т.Кәкішұлы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2007. — 462 б.
- 2 Елеукенов Ш. Мағжан / Ш.Елеукенов. — Алматы: Санат, 1995. — 354 б.
- 3 Майтанов Б.Қ. Сөз сыны (XX ғасыр әдебиетінің көріністері) / Б.Қ.Майтанов. — Алматы: Ғылым, 2002. — 344 б.
- 4 Қирабаев С.С. Көп томдық шығармалар жинағы / С.С.Қирабаев. — Алматы: Қазығұрт, 2007. — 1-т. — 456 б.
- 5 Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар / З.Қабдолов. — Алматы: Жазушы, 1983. — 2-т. — 392 б.
- 6 Ахметов З. Романтизм / З.Ахметов, Т.Шаңбаев // Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. — Алматы: Ана тілі, 1998. — 384 б.
- 7 Жанұзақова Қ. Қазақ прозасындағы романтизмнің көркемдік әлемі (XX ғасырдың екінші жартысы): моногр. / Қ.Жанұзақова. — Алматы: «Есенбекова» ЖК, 2010. — 27 б.

А.А. Мирзахметов

Романтический жанр в современной казахской прозе

Проблемы, связанные с поэтикой романтизма, ее эволюцией, типологией романтических жанров в их развитии, изучением поэтической системы отдельного романтического произведения, привлекают особое внимание современного казахского литературоведения. В литературоведении XX века было изжито представление о «неполноценности» романтизма как художественного метода. Конкретно-историческое изучение романтизма как сложного, целостного историко-литературного явления соединяется с историко-типологическими исследованиями. Романтизм в казахской прозе изучается в контексте европейского, а вернее, мирового историко-литературного процесса, с учетом его новаторства, эволюции, различных типов романтизма, их соотношения с предшествующими и последующими периодами литературного развития.

Ключевые слова: казахская проза, современная проза, модернизм, художественные средства, выражения, литературный жанр, романтизм, типы романтизма, литературный процесс, литературная тенденция, романтический жанр.

A.A. Mirzakhmetov

Romantic genre in modern Kazakh prose

The problems connected with poetics of romanticism, its evolution, typology of romantic genres in their development, study of poetic system of separate romantic work draw more and more steadfast attention of modern Kazakh literary criticism. The literature of the XX-th century eliminated the notion about deficiency of romanticism as a literary method. Concrete historical study of romanticism as a complex, cohesive literary-historical phenomenon is connected with the historical and typological studies, romanticism is studied in the context of European, exactly, within the world's literary-historical processes based on its innovation, evolution, and different types of romanticism, their interrelation with the preceding and subsequent periods of literary development.

Keywords: Kazakh prose, modern prose, prose, literary genres, artistic methods, romanticism, modernism, literature, literary tendency, romantic genre,

References

- 1 Kakishuly, T. (2007). *Zhanr zhailauy [Genre of jailauy]*. Almaty: Kazak Universiteti publ. [in Kazakh].
- 2 Aleukenov, Sh. (1995). *Mahzhan [Mahzhan]*. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 3 Maytanov, B.K. (2002). Soz syny (XX hasyr adebietini korinisteri) [Word criticism (manifestations of the 20th century literature)]. Almaty: Hylm [in Kazakh].
- 4 Kirabayev, S.S. (2007). Kop tomdyk shyharmalar zhinahy [Collection of multi-volume works]. (Vol. 1). Almaty: Kazyhurt [in Kazakh].
- 5 Kabdolov, Z. (1983). Eki tomdyn tandamaly shyharmalar [Two volumes of selected works]. (Vol. 2). Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 6 Akhmetov, Z. & Shabayev, T. (1998). Romantizm [Romanticism]. Adebiettanu. Terminder sozdihi – Literary Studies. Glossary of terms, 384. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 7 Zhankazova, K. (2010). *Kazak prozasyndahy romantizmnin korkemdik alemi (XX hasyrdyn ekinshi zhrtysy) [Artistic world of romanticism in Kazakh prose (second half of XX century)]*. Almaty: IP «Esenbekova» [in Kazakh].

G.Yu. Amanbayeva, Sh.N. Issabek

Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan

(E-mail: isabek_sholpan93@mail.ru)

Main directions of language policy of the Republic of the Kazakhstan

Language, being one of the main characteristics of society, performs communicative function. On the frequency of the use of language on what volume language is de jure allocated with this or that official status, and de facto occasionally has no legitimate rights, it is possible to describe the considered society. The author has devoted the present article to one of the topical issues of modern independent Kazakhstan - language policy. Considering the main features of language policy in the Republic of Kazakhstan, the author plans the main directions, problems, the positive and negative moments. Such concepts as language policy, a language situation, bilingualism, a multilingualism are considered. The review of researches devoted to language policy of Kazakhstan is made.

Keywords: language policy, language situation, education, official language, native language, development, status, bilingualism, multilingualism.

Sustainable development becomes the main criterion of optimum course of public processes in the modern world more and more, one of conditions of which is stability of the international relations. Maintaining international peace and harmony in the multiethnic state has to be promoted by language policy.

Harmonious, sustainable development of separate ethnos also assumes carrying out the language policy promoting preservation of a basis of national culture - ethnos language. She creates conditions for interaction and mutual enrichment of cultures, their further development in the republic.

New socially - political realities of Kazakhstan as sovereign state demand the language policy meeting needs of the multiethnic population of the country and considering features of a language, demographic and political situation. It has to become the active factor of the solution of language problems, in practice proving the efficiency and effectiveness. The co-ordination of efforts of public authorities, public associations, religious and other organizations is necessary for carrying out uniform language policy in the country [1].

The language policy represents set of the ideological principles and practical actions for the solution of language problems in society, in the state. In the field of language policy the ideological principles and practical actions are interdependent and inseparable.

The language policy is a component of national policy, she in the main depends on the general principles of the last. According to Yu.D. Desheriyev, the language policy in the multinational state as in this case she has to consider such factors as 1) multilingualism; 2) an originality of national structure and the international relations, 3) a role of separate languages and their carriers in public life differs in special complexity. The language policy depends on political system of society. It is visually visible when comparing two polar types of political systems: a) open (democratic and liberal) and closed (totalitarian or closed) societies. In multilingual society are characteristic of language policy of open type of society and) the aspiration to reduce politicization of tasks and methods of language policy; b) equality of ethnos and languages, c) ethnic language pluralism and polycentrism (or decentralization); d) «the human scale of criteria of value. In the closed society with ethnic bilingualism (or multilingualism) distinguishes language policy and) the aspiration to enhance state and political character of language policy; e) a privileged position of one ethnos and language; f) tendency to a centralism and Unitarianism; g) «state (or national and state) the scale of estimates [2; 206-208].

The language policy belongs to the categories connected by conscious impact of society on language and her implementation in the multinational and one-national state has the features. She can be aimed at suppression of languages or, on the contrary, to development of national languages. The former USSR pursued policy of uniformity of languages. Mass alienation from the native language resulted. The analysis of national language development in the republics of Central Asia and Kazakhstan which is carried out by A.N. Baskakov shows that positive national lingual development of the region has begun in the 20-30th years when territorial and national consolidation of the people inhabiting it has been carried out, in 40-80 years there was a narrowing of public functions of languages, and in the mid-eighties reorganization of public life has directly concerned Central Asia and has caused rise in national consciousness of her people and

aspiration to further development of national languages and cultures [3; 300-301]. Having similar lines in realization of the public functions, national languages of this region are characterized also by certain features. So, «Kyrgyz fully functions in the subsphere of school education, ... in the subsphere of the higher education functions as training language generally at humanitarian faculties and offices» [4; 5]. The history of functioning of Kazakh as language of the radical nation and state language is very difficult. In the fate of Kazakh it is possible to note also narrowing of his public functions during the Soviet power and their expansion in sovereign Kazakhstan. Functioning of Kazakh at the present stage of his development is defined legislatively. The status of Kazakh as state is enshrined in the Fundamental law of RK – Constitutions of the Republic of Kazakhstan. A state language – «the main component of socially communicative system of a certain state allocated with the official status and which is all population, obligatory to use, in all her territory» [5; 36].

The language situation is a context of real use of language in society. Her emergence and further formation are caused by various circumstances, including interaction language and not language (social, political, economic, psychological, historical, geographical and others) factors.

Conscious intervention of society in language life includes multidimensional influence, starting with the individual to the state. In modern Kazakhstan society there is an ordering and improvement socially - communicative system. Opportunities to express the opinion in support of the native language as his consumer increased. However often this support has subjective character, doesn't consider geopolitical features, the state interests and the language interests of other ethnos. In multiethnic society it is important therefore interpretation of language processes by political scientists, sociologists, jurists and linguists. Development of effective state language policy assumes adequate assessment of a real language situation.

The language situation of the Republic of Kazakhstan, first of all, is defined by social and demographic structure which is characterized by poly-ethnicity, and state system of republican type.

Now in Kazakhstan there is a real variety of languages: in their functional purposes over hundred are used. Languages of the people of ethnic groups of the country are inadequate on the volume of the functions which are carried out by them.

Despite the taken measures it isn't possible to realize the state status of Kazakh fully so far. The main reason is that this status still is only declared, but isn't supported adequately with the mechanism which would provide his universal studying and use. Office-work and office communication in a state language has secondary character.

Problems of Kazakh aren't exhausted by need of acquisition of the real state status by it. The condition of modern Kazakh, a problem of his development and enrichment needs attention, first of all, from scientists, experts, and teachers. It is as about expansion of his opportunities in display of new sociocultural realities by interaction with other world languages, and the use it in the internal potential of language. It is impossible to be reconciled with a tendency to provide «purity» of language, having refused the loans which have taken roots in it and the international terms.

Burning issues face also use in the republic of languages of other national groups. Demands considerable strengthening communication in education with the states where the main part of ethnos of ethnic groups of Kazakhstan lives. The absence of the relevant legal base hasn't created a uniform basis for the coordinating work of the public authorities which are responsible for work on support and development of languages. Today's situation dictates need of objective, scientific studying of language processes for different regions of the country and development of the system of measures for creation of the optimum language environment. It is necessary to consider at the same time the actual distribution of language and its real opportunities for expansion of public functions [1].

The language policy of sovereign Kazakhstan is directed to preservation and development of languages through expansion of their social functions including in education.

Language policy in Kazakhstan — the system of actions in the sphere of a language situation of Kazakhstan which is carried out by the authorities and public institutes of the country. «We have to use the best efforts for further development of Kazakh which is the main factor of association of all Kazakhstan citizens. At the same time to create favorable conditions that representatives of all nationalities living in the country could speak, study fluently at the native language, develop it» [6].

The concept of a language policy in Kazakhstan defines for itself the principal complexity in «creation of optimum language space of the state» requiring «accurate determination of the functional ratio of languages in case of which the state language shall take the worthy place» [7].

Language, being one of the principal characteristics of society, performs communicative function. On the frequency of the use of language, on what language is de jure allocated with this or that official status, and de facto occasionally has no legitimate rights, it is possible to describe the considered society.

In the Law «About Languages in the Republic of Kazakhstan» Kazakh is defined as a state language of the Republic of Kazakhstan. In too time in the sphere of public administration Russian along with Kazakh is used as official.

The main complexity in carrying out a further language policy in Kazakhstan consists in «creation of optimum language space of the state» requiring «accurate determination of the functional ratio of languages in case of which the state language shall take the worthy place» (The concept of a language policy of RK). The matter is that the ratio of the actual use of the Russian and Kazakh languages does not conform to this requirement. In practice the actual index of use of Russian corresponds to the level of application of a state language, and Kazakh - official language. Change of the developed language situation requires carrying out large-scale state policy on the actual investment of Kazakh with the status state.

The language policy is pursued in the language environment, i.e. in the environment of carriers of this or that language. It is directed to change of language behavior of native speakers, i.e. the language policy is carried out in relation to representatives of language groups.

The efficiency and effectiveness of language policy depends on regulation of language behavior of subjects and objects of language policy. The subject of language policy is usually the state and other official public authorities. Native speakers, representatives of language groups act as an object of language policy.

So, the President of the Republic of Kazakhstan, the Government of Kazakhstan, official public authorities act as subjects of language policy. At the same time the complexity of carrying out purposeful and consistent language policy is caused by need of characterizing of objects of language policy. In this role in the republic several groups of the population defined as «carriers of language policy» act. The Kazakhstan citizens who were born till 1995, in our opinion, enter into the first language group. It is possible to carry other part of the Kazakhstan citizens who were born after 1995 to the second language group. The first group is made by carriers of the language policy pursued in the USSR. This language group is characterized by unavailability to adapt to the new language environment, representatives of this group take change of the language environment painfully and sharply. The second language group is presented by younger generation of the Kazakhstan citizens ready to adapt to the new created language environment, at the same time at the same time participating in creation of this language environment.

